


МАШИНОСТРОЕНИЕ Январь-июнь 2024 г.



2016 МЛРД ТГ.



109,4% ИФО



- Производство компьютеров, электронного и оптического оборудования
- Производство электрического оборудования
- Производство машин и оборудования, не включенных в другие группировки
- Производство автомобилей, прицепов и полуприцепов
- Производство прочих транспортных средств
- Ремонт и установка машин и оборудования

\$1 614,1 МЛН



ЭКСПОРТ



РЫНОК


\$9 679,3 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2024 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2024 Г., МЛРД ТЕНГЕ



2024 жылғы қаңтар-маусымдағы машина жасау саласы

2024 жылғы қаңтар-маусымда ҚР машина жасау өнімін **өндіру көлемі** 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 8,1%-ға өсіп, 2 016 млрд. теңгені құрады.

Машина жасау өнімдерінің **НКИ** биылғы жылдың қаңтар-маусымында 2023 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 109,4% құрады. Келесі секторларда нақты көлем индексінің мынадай көрсеткіштеріне қол жеткізілді:

- *электр жабдықтары өндірісінің НКИ – 121,5%,*
- *басқа да көлік құралдары өндірісінің НКИ – 208,3%,*
- *басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісінің НКИ – 88,5%,*
- *компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндірісінің НКИ – 286,1%,*
- *автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндірісінің НКИ – 89,8%.*

Машина жасау өнімдерінің **экспорты** 2024 жылғы қаңтар-мамыр айларында 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 11,4%-ға азайып, **1 614,1 млн. АҚШ долларын** құрады.

Осы кезеңдегі экспорттың негізгі елдері: Ресей (46,3%), Ирландия (22,2%), Қырғызстан (5,4%), Өзбекстан (4,8%), Түрікменстан (3,9%).

Машина жасау өнімдерінің **импорты** 2024 жылғы қаңтар-мамыр айларында 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ақшалай мәнде 9,3%-ға төмендеп, **9 679,3 млн. АҚШ долларын** құрады. Импорт құрылымында негізгі үлес моторлы көлік құралдарына арналған шанақтарға (4,4%), смартфондарға (4,8%), ГЖҚ 1500-3000 текше сантиметр көлік құралдарына (*импорттың жалпы көлеміндегі тауардың үлесі 4,7% құрады*), көлемі 1000 текше сантиметрден асатын қозғалтқыштарға (2,2%), ұшақтарға (6,3%) тиесілі.

Негізгі импорттаушы елдер: Қытай (33,8%), Ресей (11%), Корея (7%), Германия (7%), АҚШ (7%).

Сала Қостанай облысында, Алматы және Астана қалаларында, Ақмола, Павлодар және Қарағанды облыстарында жоғары **аумақтық шоғырлануымен** ерекшеленеді.